



Автор: Мустафина Гулжанат Калкамановна

Пән: Химия

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Геологиялық химиялық қосылыстар

Тақырып: Пайдалы геологиялық химиялық қосылыстар.

Пайдалы геологиялық химиялық қосылыстар.	Барлық оқушылар: Жер қыртысында көптеген пайдалы химиялық қосылыстар барын түсінеді Оқушылардың басым бөлігі: Жер қыртысында көптеген пайдалы химиялық қосылыстар барын түсінеді Көптеген оқушыла пайдалы қазбалардың химиялық қосылыстарын ажыратады Кейбір оқушылар: Қазақстандағы пайдалы қазбалардың адам өміріндегі маңыздылығын тұжырымдайды
--	---

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Ширату жаттығу. Ой түрткі сұрақтары 1.Пайдалы қазбалар дегеніміз не? 2.Олардың қандай түрлері бар? 3.Минералдар деген не? 4.Өзің білетін минералды атаңыз? Оқушыларды «Мозайка» әдісі арқылы топқа бөлу. I топ «Апатит» II топ «Алмаз» III топ «Гипс» Тақырыбы: Пайдалы геологиялық химиялық қосылыстар Оқу мақсаты: Жер қыртысында көптеген пайдалы химиялық қосылыстар барын түсінеді.	
Сабақтың ортасы	I топқа «Жер қыртысының химиялық қосылыстар, минералдарға анықтама беру» Постер қорғау II топқа «Минералдардың жіктелуі мен түрлері» Венн диаграммасы III топқа Кубизм әдісі бойынша «Минералдардың өзгеріске ұшырауы және қолданылуы» бөліміне 6 сұрақтар дайындайды. Бағдаршам арқылы топтар өзара бағалайды. Жасыл түс- мазмұнның ашылуы, нақтылығы, мысалдар келтіруі Сары түс - мазмұнның ашылуы, нақтылығы, мысалдар келтіре алмауы Қызыл түс - мазмұнның ашылуы, нақтылықтың жоқтығы, мысалдар келтіре алмауы, толықтыруды өажет етеді. (Ж) Оқулықтан 112 беттен «Біліміңді тексер» тапсырмасын орындайды. Дәптерді көршімен алмастырып, бірін- бірі тексереді. Смаликтер арқылы бағалау. Тапсырма (Т) Минералдар және олардан алынатын металдарды сәйкестендіріңіз: А)Мыс 1)глинозем В)Темір 2)малахит С)Натрий 3)темір Д)Алюминий 4)галит 5)кальций А В С Д Дескриптор. Берілген кесте бойынша минералдарды және металдарды анықтайды, сәйкестендіреді.	